

## Жалағаш ауданы бойынша айына салық салу объектісінің бірлігіне салынатын бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 07 сәуірдегі № 29-3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жалағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 04 мамырда № 10-6-150 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 4-9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 29.06.2016 № 4-9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің (Салық кодексі) 422-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Жалағаш ауданы бойынша айына салық салу объектісінің бірлігіне, салынатын бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
XXIX-сессиясының төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы  
Жалағаш ауданы бойынша  
салық басқармасының бастығы*

*А. Алдонгаров  
Қ. Сүлейменов  
Қ. Сүлейменов*

2010 жылғы 7 сәуірдегі N 29-3  
Жалағаш аудандық мәслихатының  
шешіміне қосымша

## Жалағаш ауданы бойынша айына салық салу объектісінің бірлігіне салынатын бірыңғай тіркелген салық ставкалары

N	Салық салу объектісінің атау	Тіркелген салық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын . автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге	

.	арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
.		
4	Ойын жолы	5
.		
5	Карт	2
.		
6	Бильярд үстелі	3
.		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК